

“Алматы пікірсайыс Орталығы”



**ӘДІЛДІКТІҢ ШЫҢЫНА АҚ
ТУЫҢДЫ ТІК!!!**

**ТӨРЕШІЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**

Төреші! Төрешілік! Әділ шешім!

**ПІКІРСАЙЫСТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТЫ –
СЕНДІРУ. СЕНДІРУ НЫСАНЫ – СІЗДІҢ
ТӨРЕШІҢІЗ. ТӨРЕШІ РАУНДТЫҢ ЖАЛҒЫЗ
ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ АРБИТРЫ, ОНЫҢ ШЕШІМІ
ТАЛҚЫЛАНБАСТАН ҚАБЫЛДАНАДЫ.**

**МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
ТАҒДЫР**

Жоспар



- Кім төреші бола алады?
- Төрешінің міндеттері
- Төреші парағын толтыруы әдебі
- Шешім қабылдау
- Төрешіліктің жалпы ережесі
- Төреші құқықтары
- Даулы мәселелер

Кім төреші бола алады?



- АПФ пен ЛД форматтарын толық білетін.
- Арнаулы білім мен тәжірибені қажет етпейді. (1 курс)
- “Ақ парак” - ол қандай жағдайда болады? Немесе “ақылды ақ парак” түсінігі.

Төрешінің міндеттері



- **Тыңдау!** (қарсылығы, құрылымы, жаңа аргументтер)
- **Мұқияттылық!** (толтыруда, шешім шығарғанда)
- **Объективтілік!**

Төреші парағын толтыру



- **Негізгі беті**
- **Артқы беті**

Бағалау шкаласы



- **16-дан төмен:** нашар. Әдетте бұл деңгейде спикер сенімсіздікке, шатасуға бой алдырып, күтпеген ойға шомылумен қатар қарсылас топқа дәрекілік көрсетсе, төрешілер ұпай бермейді.
- **16-17 өте жаман.** Ойдың тәртіптілігі, дәйектер логикасы мен идеяларды білдіру өте төмен деңгейде. Сөз белгіленген уақыттан бұрын аяқталып бітеді.
- **18-20 жаман.** Идея мен сараптаманы ұсынудағы қиыншылықтар; дәйектер сенімсіз; өз уақытын тиімді пайдаланған жоқ.
- **21-22 орташадан төмен.** Спикер жоғарыда көрсетілген талаптардың біреуі не бірнешеуіне сай келмейді.
- **23-24 орташа.** Қабылдауға болатын сөз; кейбір кемшіліктер болуы мүмкін.

Бағалау шкаласы



- **25 жақсы.** Спикердің сөзі сенімді, материалды жақсы ұсына алады. Пікірсайыстырудың кейбір тұстарында жарқ етіп көрінеді.
- **26 өте жақсы.** Ұсыну мен түсіндіруде айтарлықтай қателер жоқ. Сенімді сараптама; ұтымды терістеу; шебер презентация мен жақсы стиль. Әрбір раундта 26 ұпай жинаған спикер турнирдің 10 үздік спикері қатарына кіруі мүмкін.
- **27 тамаша сөз.** Спикер бәрін жоғары дәрежеде жасады; сөзі раундқа шешуші әсер етті; тамаша презентация. Турнирдің ең жақсы сөздерінің бірі. Әрбір раундта 27 ұпай жинаған спикер 3 үздік спикердің қатарында болады.
- **28** Сіз естіген ең жақсы сөздердің бірі. Егер спикер 28 ұпай жинаса, турнирдің ең үздік спикері аталуы мүмкін.
- **29** Сіздің өміріңіздегі ең тамаша сөз. Көз жасыңызды ағызды. У. Черчилль мен Мартин Лютер Кингтің сөздерінің қатарында.
- **30** Адамзат тарихындағы ең тамаша сөз. Мұндайды екінші жолы естуіңіз екіталай.

Ойын нәтижесі бойынша шешім қабылдау

Төрешінің шешім қабылдауына негіз болатын критерийлер		
	Ойыншыны бағалау	Ойынды бағалау
1	Білімі	Кейс құрылымы (формат)
2	Логикасы	Идея
3	Сөз жүйелігі	Тақырыптың ашылуы
4	Стиль	Дәлел (аргумент) және дерек (факт)
5	Сендіре алуы мен шешендігі	Сараптама
6	Әзіл-қалжың (юмор)	Қарсылық

Жалпы ережелер



- Позиция
- 10 минут кешіксе БТ-ға х/б
- Автожеңіліс/Стэндбай
- Эмоция
- Уақыт/Форум уақыты
- Мәдениет
- 30 секунд
- Қарсылық түрлері б/ша

Ойын барысында сұрақтар міндеттелмейді және шектелмейді.
Ойыншының өзіне берілген уақыт аралығында сұрақтарды
қабылдау не қабылдамауы өз еркінде

ТРУИЗМ

**САРАПТАМАДА
ЖАҢА АРГУМЕНТ
ЕНГІЗУ**

**Пікірсайыста қарсылықтың тек төрт
түрі ғана анықталады**

**ЖЕКЕ БАСҚА ҚОЛ
СҰҒУШЫЛЫҚ**

**УАҚЫТ
РЕГЛАМЕНТІ**



- **Завал, Роскол, Подмена кейса**
- **Тавтология, арнайы білім**
- **2 мүшенің қызметі**
- **Төреші сараптамасы**

ТӨРЕШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Ойыншылардың тақырыпқа сай позицияларын белгілеуде төрешілер қауымдастығының келісімімен бекітілген ортақ әдісті қолдана отырып анықтауға;
- Төрешінің келісімінсіз немесе ол келместен ойыншылардың өздері анықтап қойған позицияларын қабылдамай, қайта белгілеуге;
- Аудиториядағы ойын аяқталғаннан кейін, бас ұйымдастырушы немесе ойыншы төреші парағын талап еткен жағдайда беруден бас тартуға;
- Ойын қорытындысы бойынша тәуелсіз шешім шығаруға;
- Белгілі бір топ қарсы топпен ойнаудан нақты себептермен бас тартқан және ойын басталғаннан кейін ешбір ескертусіз 10 минут кешіккен жағдайда бас төрешіге хабарлай отырып, ойынды тоқтатуға және 16 балл қоюға ;
- Ойын барысында топтық тәртіпсіздік орын алған жағдайда төреші өз құзыреті шегінде алғашқыда ескерту жасай отырып әр ойыншыдан 2 балл, ал қайталанған жағдайда әр ойыншыдан 4 балл шегеруге, үшінші ретте сол жағдай орын алса автожеңіліс беруге және ең төменгі шектік 18 балл қоюға құқылы.

Ескерту: жеңген топқа турнирдің алдыңғы раундтарында алған ұпай санының орта балдық жүйесі бойынша қойылады.

Стенбайға қалған фракцияға орта балдық жүйе бойынша ұпай беріледі.

Орта балдық жүйе дегеніміз әр ойыншының турнир барысындағы раундтарда жинаған ұпай санының жалпы қосындысын раундтар санына бөлу арқылы анықталатын есептеу әдісі.

ГЛАДИАТОР



АПФ-та **ГЛАДИАТОР** бар. Топтың бір мүшесінің ойынға қатыса алмауының себебін бас төреші ескеруге тұрарлық деп есептесе (ауырып қалу, кезек күттірмейтін маңызды мәселенің тууы) ойынды жалғыз жалғастыруға рұқсат етіледі. Тек екінші күні әріптесі келетін болса ғана. Әріптесінің орнына басқа ойыншыны алып шығу туралы ұсынысы қарастырылмайды және тиым салынады.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Саяси және құндылықты форматта кейс құрылымының бір бөлігі (нәтиже, философия) не айтылмай, не ұмытылып кеткені үшін жеңіліс беруге болмайды, бірақ төреші оны ойыншыға қатысты кеткен кемшілік ретінде ескеретін болады.

Саяси форматта мәселенің (проблема) себептері 3-тен кем болмауы керек, бірақ оның шешу жолдары ерікті.

Мәселе қалыптасқан жағдайдан туындауы тиіс. Егер мәселенің шығуы қалыптасқан жағдайдан болмаса, онда ол әлсіз кейс деп есептелінеді және төреші шешім қабылдауында ескеретін болады.

Бас төрешіге қойылатын талаптар:

Белгілі бір пікірсайыс клубында мүшелікте немесе сол клубтың түлегі болуы

АПФ және ЛД форматтарын жетік білуі және ойнай алуы

Қауымдастықтың сабағын қабылдауы, тренингтен өтуі және комиссияның оң шешіміне ие болуы

Төрешілік тәжірибесі 2 жылдан кем болмауы талап етіледі



- **Ескерту:** турнирдің бас төрешісі ойындарға төрешілерді бекіту кезінде адами фактордың алдын алуға міндетті. Яғни, белгілі бір ойынға қойылған төрешінің ойыншылармен туыстық байланысы немесе өзі мүше болып табылатын клубтан болмауы тиіс.

турнирлерден
алған «Үздік
төреші»
номинация-
ларының
саны



турнирлерге
төреші
ретінде
қатысуының
саны



ЖЫЛДЫҢ
ҮЗДІК
ТӨРЕШІСІ

“Алматы пікірсайыс орталығы”



**Төрешілер
қауымдастығы
НАЗАРЛАРЫҢЫЗ
ҒА РАХМЕТ!**

ДАЙЫНДАҒАН: АЗАМАТ НҰРМЫШЕВ